

Күдерина К.¹

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БІРГЕ ЖАЗЫЛУ ПРОЦЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақала қазақ тілі емлесіндегі күрделі мәселенің бірі сөздердің бірге немесе бөлек жазылу себептерін іздеуге арналады. Ол үшін қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге шолу жасап, біріккен сөздің морфологияда, семасиологияда және орфографияда танылуы зерделенді. А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың зерттеулерінен бастап осы тақырып арнайы зерттеу нысаны болған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Авторлардың кейбір тұжырымдары таратылып, сараланады. Күрделі сөздер бірігуінің фонетикалық себептері мен белгілерін профессор Қ. Жұбанов, семантикалық белгісін осы тақырыпта диссертация қорғаған Ә. Ермаков пен профессор М. Балақаев; сөздер бірігуінің арнайы форманттар арқылы және сөз тудырушы қосымшалар арқылы жүруінакадемик Р.Сыздық және профессорлар Н.Уәли, Б. Қалиев алғаш рет зерттеп, ғылыми айналымға түсіргенін, ал бөлек, бірге тұлғалауда коннотат-денотат теориясын қолдануды професор Н.Уәли ұсынғанын, осы негізде ғылыми тұжырым жасағанын ретімен баяндадық

Түйін сөздер: бірге таңбалану, бөлек таңбалану, біріккен сөз, семантикалық белгі, үндестік, күрделі сөз, коннотат-денотат теориясы

Kuderinova K.¹

¹*Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Kazakhstan, Almaty*

HISTORY OF STUDYING THE PROCESS OF FUSED WRITING WORDS IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract

The article considers one of the most difficult problems in the spelling of the In the spelling of the Kazakh language is the search for reasons for joint or separate spelling of words. According to this, Kazakh linguistics was conducted a review research, and studied the recognition of a joint word in morphology, semasiology, and spelling. Beginning with the research of A. Baitursynov and K. Zhubanov, a review of the works of scientists who became the subject of a special study of this topic was conducted. Some of the authors' conclusions are distributed and differentiated. Phonetic reasons and signs of merging complex words: Professor K. Zhubanov, semantic sign defended his thesis on this topic. As noted by academician R. Syzdyk and professors N. Uali, B. Kaliev for the first time studied and published in scientific circulation, and in particular, in the joint construction used the connotation-denotation theory of profesor N. Uali, on this basis they made a scientific conclusion

Keywords: fused marking, separate marking, fused word, semantic sign, consonant, compound word, connotation and enotation theory

Кудерина К.¹

¹*Институт языка знания им. А. Байтұрсынова,
Алматы, Казахстан*

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПРОЦЕССА СЛИТНОГО НАПИСАНИЯ СЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация

В статье рассматривается одна из сложных проблем орфографии казахского языка - причины слитного или раздельного написания слов. Для этого был проведен обзор исследований в казахском языкознании, изучено распознавание слитных слов в морфологии, семасиологии и орфографии. Был проведен обзор трудов ученых специально исследовавших данную тему, начиная с А. Байтұрсынова и К. Жубанова. Некоторые выводы авторов анализируются. По последовательности были даны научные выводы ученых: фонетические причины и признаки слитных слов был изучен профессором К. Жубановым; семантическую сторону исследовали А. Ермеков и профессор М. Балакаев, защитившие диссертацию на эту тему; академик Р. Сыздық и профессора Н.Уали, Б. Калиев впервые исследовали и ввели научную оборот образование слитных слов посредством специальных формантов словообразующих суффиксов; а применение теории коннотата-денотата было предложено профессором Н.Уали и он на этой основе сделал свое научное заключение.

Ключевые слова: слитное написание слов, отдельное написание слов, слитные слова, семантический знак, сингармонизм, сложные слова, теория коннотата-денотата

Кіріспе. Мақаланы жазудағы негізгі мақсат мынадай: жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуының емле нормаларын қалыптандыруда, оның ішінде күрделі сөздердің бірге жазылу себептерін іздеуде өткенге шолу жасау арқылы «Біріккен сөз мәселесі алғашында қалай шешілді?», «Бұл бағытта қандай ғалымдардың еңбегін ұмытпауымыз керек, қандай ғылыми негіздер айқындалды?» деген сауалдарға жауап іздеу болды.

Әдістеме. А.Байтұрсынұлы [1, 153] тіл үндестігімен жазылатын күрделі сөзді бірге, бір сыңары жінішке, бір сыңары жуан сөздерді дефис арқылы жазды: *басқұр, жел-бау, аққала, жүк-аяқ*, яғни бейүндес күрделі сөздерді [*жүк-аяқ, жел-бау, Тілеу-бай*] дефиспен бөліп, жінішке айтылатын сыңарына дәйекші қояды.

Ал кіріккен сөзді **азган сөз** терминімен атайды. “Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып бірде олай, бірде былай айтылуынан болатын өзгеріс” дейді А. Байтұрсынұлы [2]. Ал дефисті **қосарлық** деп атайды: «қосалқы, қос, қосар, қосынды сөз бәрі қосарлық белгімен жазылсын” дейді. Яғни бірге жазуды қосарлық белгісімен де беруге болатынын айтады. Бірақ “Қазақ тілінде екі, үш, бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағыналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен, *кете берер, кете берер ме, кете берер меекен, кете бере алар ма екен, кете бере алмай отырғанымды-ау*. Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағына көрсетуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды” дейді ғалым [2]. Сөйтіп, қазргі емледегі бірге жазудың алғашқы белгілерін негіздейді.

К. Жұбанов біріккен сөздерді **кіріккен сөз** терминімен атап, оған *белбеу, бүгін, биыл, келсап, таңертең, үйт, бүйт, кішкене* т.б. сөздерді жатқызады. Ғалым “Кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарт” [3, 155] деп және “олардың бір екпінге бағынуы” кіріккен сөзді танудың ең сенімді жолы дейді [3, 223]. Біріккен сөздерді қалыпқа түскен ортақ заңы жоқ, заңсыз қосынды дей отырып, олардың пайда болуының ұзақ сонарлы процесс екенін, аралық жағдайда көбірек өмір сүріп, жалған көзқарас қалыптастыру мүмкіндігін ескертеді. Ғалымның “*Қарға* қара құс болғанмен де қара құс емес, ақ сары, *қарақұс*, қара құс болмағанмен де, *қарақұс*” [3, 224] деген сөзі кіріккен сөз жасалуының тамаша мысалы. Деректі мағынадан дерексіз мағынаға көшу кіріккен сөз жасаудың тәсілі екеніне Қ.Жұбанов *қолғап* сөзін мысалға келтіреді. Мұндағы *қап* сыңары мешок мағынасында емес, чехол мағынасында қолданылғандықтан, тіркескен сөз бірігетінін айтады. Ал бөлек жазылатын сөздерді **күрделі сөз** терминімен атайды да, ол бірліктердің жасалуының семантикалық жолын былай түсіндіреді. *Сары май, сары жапырақ* тіркестеріндегі *сары* сыңарының беретін мағынасы әр сатыда. “*Сары майдың* ақ көгілдір түрлері де кездеседі” [3, 225] дейді зерттеуші. Бұл пікірдің мәнісі былай. *Сары май* – әбден шайқалып, сүтінен мұқият ажыратылған, қойдың қарнына ұзақ уақыт сақтала сары түсін сақтаған, басқа тағамдық майлардан құнарлылығы өте жоғары май. Уақыт өте келе оның түсінің сап-сары, сары, ақшыл сары, ақ сары, көгілдір болуы емес, оның құнарлылығы, сапасының жоғары болуы мәнге ие болады. Бұл жерде “сары” сыңары *май* сөзінің алғашқы сын-сипатын абстракциялап қана тұр. *Сары май* тіркесі – денотатив, мұндағы *сары* – сигнификаттық компонент.

"Сигнификат – денотат та емес, сондай-ақ ұғым да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой субъективті қасиетке ие. Екінші сөзбен айтқанда, сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген идеалды денотатқа сүйенеді" [4, 54]. "Денотаттық мағына сөзді объектив дүниемен, заттармен байланыстырса, сигнификаттық мағына оны ұғыммен, ой элементтерімен байланыстырады" [5, 30]. "Мағынада бұл компонент денотаттық компоненттен қатар жүреді, тек оны ерекшелейтін нәрсе, бұл компонент денотаттың ерекше белгілерін абстракциялап бейнелейді" [6, 13]. Бұл макрокомпонент мынадай жолдар арқылы сөз мағынасының бір бөлігіне айналады дейді М. Оразов, яғни идеалды немесе жалпы денотат арқылы, екінші гносеологиялық бейне арқылы, үшінші қайта атау, төртінші ғылыми абстракция арқылы [6, 13]. Сонымен, Қ. Жұбановтың айтуынша, *сары майтіркесі* – бүгін бір атау.

Ғалым мұрасында күрделі сөздермына құрамнан тұрады [3, 227]:

- өзгерістерге түскен атау түбірлердің бірігуінен тұрған күрделі сөздер;
- табыс жалғаулы сөз бен сабақты етістік негізінде пайда болатын күрделі сөздер;
- анықтаушы мен анықталушылық қатынастағы күрделі сөз;
- заттанған сын есім мен зат есім тіркесінен туған күрделі сөз;
- күрделі жалқы есімдер;
- қысқарған сөздер. Бір өкініштісі, ғалымның бұл айтқандарына келтірген мысалдары табылмаған.

Біріккен жалқы есімдердегі атрибуттықсөз тіркестерінің кері орналасу тәртібіне назар аударған Қ.Жұбанов оны сын есімнің заттану қасиетімен және мұндай жағдайлар тек сын есімдердің кісі аттарымен [*Айжарық, Таңжарық, Еділбай, Айсұлу, Күнсұлу*] ғана тіркесіп, оның белгісін, қасиетін, кәсібін, қоғамдық орнын білдіріп, әрі анықталушы мүшелер қызметінде жұмсалып қабілетімен байланыстырады [7, 20]. Әрине, мұндағы *Айжарық, Күнсұлу* сөздерін оңай төркіндетуге болады: айдай жарық, күндей сұлу.

Қысқарған сөздерді де ғалым кіріккен сөздің бір түрі деп алып, оларды әріп қиюлы [*ССРО, МТС т.б.*],буын қиюлы[*ҚазТағ*],аралас қиюлы[*ҚазПИ, ҚазГУ*] деп бөледі.

Сонымен, проф. Қ.Жұбанов біріккен сөздердің өзіндік өлшемдері деп мыналарды көрсетті: 1. Сыңарлардың фонетикалық өзгеріске түсуі, алайда "кіріккен сөз болған жердің бәрінің бірдей дыбыстық өзгеруі шарт емес, бірақ дыбысында өзгеріс бар сөз тіркестерінің кіріккен сөз болуы шарты. 2. Бір мағынаны білдіруі, дегенмен де, "жалғыз мағынаны өлшеу қылумен анықтық таныла қоймайды. 3. Бір екпінге бағынуы.

1938-1960 жылдарға, яғни қазіргі орфографиялық ережеміздің қалыптасу жылдарындағы сөздердің бірге-бөлек таңбалануына қатысты жарияланымдарға зер салсақ, мынадай екі үрдісті байқауға болады.

1. Бір деммен, бір үйлесіммен айтылатын еркін, тұрақты сөз тіркестерін, күрделі атау, лексикаланған тіркестерді жаппай біріктіру [8]. Бұған Қ. Жұбановтың біріккен сөздердіөзінеұқсас басқа тілдік бірліктерден ажырататын негізгі белгісідеп екпінді атауы бірден-бір себеп болды. *Ақ көңіл, тас бауыр, жат бауыр, дем алу, қол қою, бас салу, бой ұру, ат салысу, ат қою, ат үсті қарау* сияқты фразеологизмдер бір екпінге бағына айтылу себепті бірге тұлғалануы ұсынылды [9].

2. Емледегі бір ізділік қағидасын арқау еткен форма қуу үрдісі. Мұнда ішкі мағыналық сәйкестік, компоненттердіңлексика-семантикалық арақатынасы, үйлесім сияқты сөздің ішкі формасына, мағыналықжылжуға назар аударудан гөрі, мысалы, *мал шаруашылығы* бір екпінмен айтылмағандықтан бөлек жазылатын болса, онда осыған ұқсас *ауыл шаруашылығы, халық шаруашылығы, егін шаруашылығы* сияқты құрама атауларды да бөлек жазу; *баспасөз* тәрізді сөздің қатарына *жарыс сөз, соңғы сөз, жаңа сөз, ескі сөз, кіріспе сөз, жазба сөз* сияқты лексикаланған тіркестерді қою; *ар, -ер* жұрнағының сөзжасамдыққабілетінерегламент қоймай, *бір киер, бір тартар, бір қырқар* сияқты формасы бір сөздерді жаппай біріктіру; бір заттың атауын[*иш киім, бас киім, аяқ киім, аққұман, қара құман, иш қалта, жер үй, тас қалта, жер төсек*] біреуі бірге жазылуына орай қалғандарын да бірге тұлғалау ұсынылды [10]. Яғни екі бағытта да бірге жазудың белгілерін іздеу болды.

Ә.Ермеков өзінің "Қазақ лексикасындағы біріккен сөздердің семантикасы" атты кандидаттық диссертациясында құрамдары кірігіп кеткен, қазақтілінің төл сөздерініңэтимологиясын ашты. Автордың пайымдауынша, мына сөз сыңарлары сөйлемде қатар айтыла келе сөз тіркесіне, одан атаулық тіркестерге өтіп, біріккен сөзге айналған. Мысалы: *қоян*– "қой сияқты аң", *жылан* – "жылжымайтын аң, *жамбас*– "жанына бас", *итмұрын* – "иттің мұрны тәріздес жеміс", *жануар* –

“жаны ару”, *жантаю*–“жанына таю”, *есіру*–“есі іріп кету” т.б. Ізденушінің пікірінше, біріккен сөздердің компоненттері универбтенбей тұрғанда көбінесе жалпы қолданыста жүреді де, процесс өткен соң, тіркес мағынасы шоғырланып, жалқыланады. Осы жалқылану біртұтас тұлғаланатын сөздердің пайда болуына себепші болып отыр дейді ғалым. Кейбір сөздердің мағынасын ашады: *алтынкүрек*–“көктемде оңтүстіктен соғатын жел”, *қанатжуар*– “көктемнің алғашқы жылы жаңбыры”, *көгентүп*– “көгендегі қозылардың ең кенжесі”, *қымызмұрындық* –“алғашқы қымыз сауымының ішілуі”, *желбұйда*– “мұрындық пен бұйданың арасына желі болып тартылатын жіп”, *қырықжілік*–“мал етінен сыбаға” т.б. [11, 2-6].

Г. Жәркешова “Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі біріккен сөздер” атты диссертациялық еңбегінде бірқатар кіріккен сөздерді Э.В.Севортянның “Соотношение грамматики и лексики в тюркских языках” еңбегі бойынша түбірін іздеп, жалпы мағынасын анықтайды. Біріккен сөздердің көбі араб, парсы, алтай, қырғыз, монғол тілдеріндегі мағыналас сөздермен қосарлана біріккенін айтады [12, 10-11].

Бұл зерттеулерді қазақ тіл біліміндегі біріккен сөздерді зерттеудің алғашқы кезеңі деп тануға болады.

А. Ысқақов алғаш рет күрделі сөздердің фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық факторларына бойлап, принципті мәселелерді алға тартады. “Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ритм ырғақ жағынан бір ұдай, лексика-семантикалық жағынан бір тұтас, лексика- грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлескен құрама сөзді” танимыз дей отырып, олар “практикалық тұрғыдан қарағанда жалаң сөздердің өресі жетпейтін қызмет атқарады, олардыңолқылықтарын толтырады, ал теориялық тұрғыдан, дара сөздермен жарыса өмір сүріп, сол дара сөздердің тууына негіз болып қызмет етеді” дейді [13, 120].

Ғалым біріккен сөздер идиомалану, лексикалану [“сөздердің логика-семантикалық, грамматикалық байланыстары көмескіленбей, жеке тұрып та мағына білдіруі” [13, 122], делексикалану [“күрделі сөз сыңарының дыбыстық өзгеріс нәтижесінде, я жиі қолданылу себебінен бастапқы мағынасынан ада-күде айырылу” [13, 122] құбылыстары нәтижесінде жүзеге асатынын айтып, сондықтан да біріккен сөздердің кездейсоқ шыға бермейтінін орынды ескертеді. Біріккен сөзге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөз” [13,139] деп анықтама береді.

Жалпы күрделі сөздерді типке бөлуде компоненттерінің арақатынасы назарға алыну керектігін айтады. Компоненттердің арақатынасы деп “бірігу, қосарлану, тіркесу арқасында туған күрделі сөздің сыртқы фонетикалық тұр-тұрпаты мен ішкі семантикалық құрылымында, олардың араларында заң ретінде орнығып қалыптасқанқарым-қатынастардың нәтижесін, я оның жиынтығын айтамыз” [13, 129] деп анықтайды. Сөйтіп, проф. А.Ысқақов зерттеулерінде біріккен сөздердің таптастырылуы, белгілерінің айқындалуы біршама сараланады.

М.Балақаев қазақ тіліндегі біріккен сөздердің негізгі белгісі деп, мағына тұтастығын атайды. “Біріккен сөздің бұрынғы мағыналары сақталады десек, бірікпегені, сақталмайды десек қаншалықты екенін айқындауға тиіспіз” [14, 203]деп, сыңарларына талдау жасауды ұсынады. “Қазіргі білдіретін мағыналары ауыс, мүлде басқа ұғымға ие болып” [14, 204]кеткен *ақсақал*, *алаяқ*, *жанталас*, *нақсүйер*, *маубас*, *әңгіртаяқ*, *кәріқыз* [өс.], *соқыртеке* [ойын], *қубас*, *құралақан* сөздерін бірге таңбалады. “Толық мағыналы екі сөздің тұтасып жымдасу нәтижесінде әдепкі лексика-грамматикалық мағынасынан айырылып[не күңгірттеніп], жаңа лексикалық, соған лайықжаңа лексика-грамматикалық мағына тудыратын сөздер бірлестігінің... сөз тіркесінің бір сыңары болуы олардың негізгі белгісі” [15, 50] деді.

Ғалымның көзқарасы, бойынша біріккен сөздер табиғи болуы керек, яғни “компоненттері алғашында белгілі мағыналық, синтаксистік байланыста жұмсалуды тиіс” [14, 204]. “Қабысқан сөз тіркестері түйдекті топқа, одан біріккен сөзге айналу процесінде, бір сөзге айналғанда олардың біртіндеп синтаксистік байланысы ыдырап кетеді. Сол процесің ұзақтығынан, бірігу дәрежелерінің әртүрлі болатындығынан біріккен сөзді айырып тану қиын” [14, 205]деді.Ғалым: “Біріктіру – жинақылықтың белгісі. Жинақылық –мәдениеттіліктің нышаны. Мәдениетті елдің жазуы тілдегі сөз тұтастығын бұзбай, адамдардың психологиялық ойлау қабілетіне сәйкес болуға тиіс. Адамның жазу әрекеті мен көру әрекеті үйлесіп, қалыптасқан сайын тілдік сана-сезім күшейе түседі” [14, 207] деп, жазудың, жазба тілдің, жазу әрекетінің психологиямен, физиологиямен байланысын анық көрсетті, грамматологиялық зерттеудің негізін қалады.

К.Аханов жалпы күрделі сөздерді *күрделі - біріккен сөз, күрделі-қос сөз, күрделі-қысқарған сөз, күрделі-құрама* сөз деп таптастырып, оларды сөйлеу кезінде жасалмайтын, дайын тұрған тілдік тұлға деп таныды. Сөйтіп, ғалым күрделі сөзбен синтаксистік сөз тіркестерді ажырататын өлшемдерді алға тартты. *Бозторғай, кәрі жілік* сөздерінде алдыңғы сыңар соңғы сыңардың сынын да, сапасын да, белгісін де білдірмейді дейді [16, 76]. Біріккен сөзге “компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағынабілдіретін күрделі сөздер” деген анықтама береді [16, 83].

Нәтижелер. Р.Сыздық 50-жылдардың аяғына дейін орфографияда орын алған бір зат не құбылысты білдіретін күрделі атауларды жаппай біріктіріп жазуға алғашқылардың бірі болып, негізді қарсылығын білдірген автор 1957 ж. фразалық атаулар мен лексикаланған атаулардың типін анықтап, бұларды біріккен заттық атаулармен қатар қоюға болмайтынын айтты [17]. 1960 жылы баспа бетін көрген “Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағышында” ғалым екі сыңары бірігіп, басқа зат, аң, құс, өсімдік, ағаш, құбылыс атаулары болып кеткен *кәріқыз, ақиық, бұзаубас, танатағар, алақоржын, өнеркәсіп, көзқарас, арасалмақ, көкжиек, кемпірқосақ, ешбір, бірнеше* сияқты күрделі атаулардың бірге жазылуын жүйеледі [18, 31]. Аталған анықтағыш өңделіп, толықтырылып, 1974, 1996 және 2000 жылдары тағы үш рет басылғаны белгілі. Соңғыларында ғалымның біріккен сөз қатарын молайту бағытында екенін көруге болады. Әсіресе, терминдік мәнге ие болған сөз тіркестерінің бірігуі баса көрсетілді. Фразеологиялық тіркестердің әр сыңарын қашан да бөлек таңбалауды ұсынатын автор, енді саяси-қоғамдық терминге айналған *алауыздықтар, көзбояушылық, сөзбұйда, шығарыпсалма, алыпсатар, мұзойнақ, қағазбастылық, жұмысбастылық*, сияқты тіркестерді біріктіруді қостайды [19, 46].

Бірінші сыңары мал, аң, құс жалпы атаулары [*кой, сиыр, аю, коян*], болмаса *тау, шөл, құм, даласияқты* сөздер, екінші сыңары нақты өсімдік, аң-құс аты болса бірге жазылатынын алғаш жүйелеген [*құмбетеге, сиыржоңышқа, қойқарақат, итошаған, итбүлдірген*] ғалым [19, 50] бұл атаулардың лексикалық және терминологиялық қолданысынан шығады дейді. Р.Сыздық зерттеуіндегі тағы бір қол жеткен нәтиже – аралық, тану, сымақ, жай, хана, ақы, нама, хат, тас, бас сыңарлы біріккен сөздердің жүйеленуі [19, 55]. Ғалым аталған форманттар жалпылану процесінен өтіп, толық мағынадан жартылай мағынаға ауысу арқылы алдыңғы сөзбен бірігеді дейді. Проф. Р.Сыздықтың редакторлығымен жарық көрген «Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің» соңғы басылымдарында сөздердің бөлек, бірге жазылуы жүйелілік пен бірізділікке құрылғанын көруге болады.

Талқылау. Н.Уәли біріккен сөздердің бір заттың атауы болуы, бір мағынаны білдіруі сыңарларының бірігіп жазылуына таяныш бола алмайтынын, мәселеге жаңа қырынан, құрылымдық элементтер деңгейінен келу керектігін айтады. Біріккен сөз сыңарларының мағыналық қатынасын проф. М.М.Копыленконың фразалық тіркес теориясымен анықтауды ұсынады. “Ол теория бойынша, экстралингвистикалық мәнге сәйкес келетін атау сыңары Д₁[денотат 1]-мен, экстралингвистикалық мәнмен тікелей емес, жанама байланысы бар атау сыңарлар Д₂[денотат 2]-мен, “соларға ұқсас” деген сыңарлар К₁[коннатат]-мен, ал синхрондық тұрғыдан мүлде белгісіз, уәждемесі жоқ деген атау сыңарлар К₂-мен белгіленеді. Мұндағы семалар экстралингвистикалық мәннен [Д₁] алшақтап [Д₂К₂] және одан қол үзген сайын [К₂] екі құрамды күрделі есім сөздерді бірге жазу үрдісі күшейе түседі” деп анықтайды. Сөйтіп, *ақ аю мен ақбөкен* сияқты бір үлгідегі сөздердің әртүрлі жазылу себебін іздейді [20, 148].

Автор біріккен сөздердің жеке белгілері ретінде сыңарларының мағына көмескіленуін [*сайгүлік, ашудас*], екі сыңардың лексика-семантикалық контаминацияға түсіп, біртұтас мағына беруін [*өнеркәсіп, тауқұдірет*], сыңарлардың бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалып барып, бүтінге айналуын [*қосаяқ, бөрігүл, бозтіккен*], бір сыңардың жалпы мағынаға көшуін [*әулиеағаш, ауданаралық*], екінші сыңардың әртүрлі грамматикалық тұлғада келуін [*тамыратпалылар, батысгерманиялық, көріпкел, жатыпатар*] көрсетеді [21, 67].

“Қазіргі қазақтілінің сөзжасам жүйесі” [1989] монографиясында авторлар ұжымы біріккен сөзге айналу процесін мына схемамен көрсетті [22, 213, 215]: сөз – сөз тіркесі – лексикаланған тіркес – біріккен сөз – кіріккен сөз. Мысалы: *ағайын – алыс ағайын, жақын ағайын, араз ағайын, тату ағайын, ара ағайын, жамағайын*. Мұнда бір деңгейде тұрған лексикалық тіркестердің арасынан *жам[а]* сыңарының лексикалық мағынасы күңгірттеніп, жеке қолданыстан шығып қалғандықтан, *жамағайын* тіркесі бірігіп жазылған. Зерттеушілер сөздің бір буынды болуы да біріккен сөздің

тууына жағдай жасайды дейді [22, 214]. Аталған монографияны орфографияның ғылыми-теориялық негіздерін қосқан үлес деуге болады.

Б.Қалиев көп құрамды өсімдік атауларының жазылуы, сөздікте берілуі, әсіресе сөздердің бірігу тәсілі жайлы құнды пікірлер айтты [23, 45]. *Аюдәрі, еркек, мыңбас, сарбас, майқарасияқты* атаулардың *аюддың ақ дәрісі, еркек шөп, мыңбас шырмауық, сарбас құрай, майқара жусан* атауларынан ықшамдалғанын көрсетті. *Ақбас жусан, көкбек жусандар* жусан түрлері емес, біреуі *алабота* туысына, біреуі шөптесін өсімдіктер туысына жататын өсімдіктер, сондықтан олар біріктіріліп реестрге шығарылуы керек деді [24, 108]. Күрделі сөздерді лексикографиялаудағы қиындықтарды алғаш рет айтты: «Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің» екінші томында болуы керек: *бет орамал, бал жапырақ, бояу тамыр, бел күрек, бие қарын, боз қараған, бұршақ қап, бұршақ қын, бір табан* [ойын] деген сияқты орфографиялық сөздікте бар сөздердің ол томда жоқ болып шығуын тек осы себептен ғана деп түсіндірмеске амалымыз жоқ» дейді [25]. Және бір маңызды мәселе қазіргі ұлттық түс атауларының емлесіне қатысты айтқаны болып отыр, ғалымның сөзін тыңдасак: «*қара кер, қара торы, қара көк, қара қошқыл, қара күрең, қара қоңыр, қара сұр, қара қызыл, ақ сары, ақ сұр, ақ құба, ақ боз, ақ қызыл, ақ құба, ақ боз, ақ қызыл, құла кер, қызыл күрең*, т.б. осы сияқты сын есімді тіркестерекі сөзден құралып, бір ғана түсті көрсетеді, бір ғана лексикалық единицаны білдіреді. Кейбір зерттеулерде айтылғандай, *қара көк* дегендегі *қара* сөзі *көк* сөзін анықтап тұрған жоқ, түстің негізгі белгісі соңғы *көк* сөзінде емес, қайта бұл екі сөз бірігіп, өзінше бір жеке түсті көрсетіп тұр. Яғни *қара* да емес, *көк* те емес, үшінші бір түс – *қаракөк*. *Қаракөк* десек, біз *қара* мен *көктің* аралығындағы үшінші бір түсті ұғынамыз. Қазақ тіл білімінде бұл сияқты тіркестер күрделі сын есімдер деп қаралып жүр. Сондықтан болу керек, бұл сөздер «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелерінде [§22]» бөлек жазылсын делініпті. Ал практикалық өмірде жоғарыда сөз болған біріккен сөздер сияқты, бұлардың жазылуында да ала-құлалық кездеседі. Бізше, бұларды күрделі сөздер дегеннен гөрі, біріккен сөздер деп қарап, бірге жазу әрі орынды, әрі тиімді болған болар еді. Бұлай еткен жағдайда бұл сөздердің жазылуында да ала-құлалық болмайды. Мектеп оқушылары *қара торы* дегендегі екі сөз бөлек жазылғандықтан, екі түс атауы деп ұғынып [*қара және торы*], арасына үтір қою қателігінен де арылған болар еді» [26]. Бұл біріккен сөз емлесін нормалаудағы жаңа және негізді ұсыныстар.

Қорытынды. Сөйтіп, сөздерді бірге, бөлек тұлғалаудың уәждемесін іздеген қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге шолу жасап, авторлардың кейбір тұжырымдарын таратып, саралауға тырыстық.

Олар – сөздер бірігуінің фонетикалық [Қ. Жұбанов], семантикалық факторы [Ә. Ермеков, М. Балақаев]; сөздер бірігуінің арнайы форманттар арқылы және сөз тудырушы қосымшалар арқылы жүруі [Р.Сыздық, Н.Уәли, Б. Қалиев]; бөлек, бірге тұлғалауды коннотат-денотат теорияларын қолдану арқылы анықтау [Н.Уәлиев].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы / А. Байтұрсынұлы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 447 б. - кітап
- 2 Байтұрсынұлы А. Емле туралы / А. Байтұрсынұлы // “Еңбекші қазақ”, – 1929.27.03. - мақала
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. – Алматы: Ғылым, 1966. -361 б.
- 4 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы / М. Оразов. – Алматы: Рауан, 1991. -216 б. - кітап
- 5 Уфимцева А. Семантика слова. Аспекты семантических исследований / А. Уфимцева. – М., 1980. -356 с. - кітап
- 6 Хасанов Б. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Б. Хасанов. – Алматы, 1997. -25 б. – автореферат
- 7 Тектіғұлова Ж. Жұбанов және қазақ тілі тарихи грамматикасының проблемалары: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Ж. Тектіғұлова. Алматы, 1994. -24 б. - автореферат
- 8 Ахметов Ш. Күрделі сөздер мен біріккен сөздердің ережелері туралы /Ш.Ахметов // Қазақстан мұғалімі. – 1953. 4.04., №15; Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы /М.Балақаев// Социалистік Қазақстан. – 1940, 05.05., №4.; Бегалиев Ф. Біріккен сөздердің емлесі жайлы / Ф.Бегалиев // Ғылыми еңбектер жинағы, XI том, – Алматы, 1946; Жәркешова Г. Біріккен сөздердің жазылуы / Г.Жәркешова // Халық мұғалімі, – 1950, №8.; Жиенбаев С. Тағы да біріккен сөздер емлесі жайлы /С. Жиенбаев// Халық мұғалімі, – 1940, №7-8; Қозыбаев С. Бірге жазылатын сөздер емлесі /С.Қозыбаев// Социалистік құрылыс, – 1958.05.01. №4; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі /М.Мышанов// Социалистік құрылыс, 1957. 22.12.; Нүсіпов М. Жаңа ереже бойынша қосылып жазылатын сөздер /М.Нүсіпов// Халық мұғалімі, – 1940, №4; Сарыбаев Ш.Х. Қосылып жазылатын

сөздер мен қосылмай жазылатын сөздер /Ш.Х. Сарыбаев // Жаңа жазу, – 1941, 17.10. №36; Сыздықова Р. Бөлек жазылатын сөздер /Р.Сыздықова// Социалистік Қазақстан, 1957.18.06.

9 Мұсабаев Ф. Біріктіріліп жазылатын сөздер/ Ф. Мұсабаев // Қазақ тілі мен әдебиеті, – 1958, № 6.; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі туралы / М. Мышанов // Халық мұғалімі, – 1951, № 2; - мақала

10 Шаменов К.Біріккен сөздердің жазылуы туралы / К. Шаменов// Халық мұғалімі, – 1951, № 4; Ысқақов А. Біріккен сөздердің жазылуы туралы / А. Ысқақов// Халық мұғалімі, – 1941, № 1-2.

11 Ермеков Ә.Семантика слитных слов в казахской лексике: автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд.фил. наук / Ә. Ермеков. – Алматы, 1950. -9 с. - автореферат

12 Жәркешова Г.Қазіргі қазақ әдеби тілінегі біріккен сөздер: фил. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты / Г. Жәркешова. – Алматы, 1949. -6 б.

13 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы / А. Ысқақов. – Алматы: Мектеп, 1964. -398 б.

14 Балақаев М.Б.Қазақ әдеби тілі / М. Б. Балақаев. – Алматы: Ғылым, 1987. -272 б.

15 Балақаев М.Б.Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту / М. Балақаев. – Алматы: Мектеп, 1989. -96 б. - кітап

16 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері / К. Аханов. – Алматы: Санат, 1996. -240 б.

17 Сыздықова Р.Бөлек жазылатын сөздер / Р. Сыздықова.– Социалистік Қазақстан, 1957.18.06. - мақала

18 Сыздықова Р. Қазақ тілі орфографиясы мен пунктуациясы жайындағы анықтағыш / Р. Сыздықова. – Алматы: Оқу пед. баспасы, 1959. -224 б. - кітап

19 Р. Сыздықова. Емле және тыныс белгілері жайында анықтағыш / Р. Сыздықова. Алматы: Рауан, 1996. -288 б. - кітап

20 Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу үшін дайындаған дисс. /Н. Уәлиев. –Алматы, 1993.-162 б. - диссертация

21 Уәлиев Н. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар / Н. Уәлиев, А. Алдашева. – Алматы: Ғылым, 1988. -111 б. - кітап

22 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. -368 б. - кітап

23 Қалиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названийрасстений в казахском языке / Б. Қалиев. – Алматы: Мектеп, 1996. -168 с. - кітап

24 Қалиев Б.Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары / Б. Қалиев. – Алматы: Ғылым, 1988. -160 б.

25 [http://emle.kz/articles/get/77.](http://emle.kz/articles/get/77)

26 <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=18214>

References:

1. Baitürsynұлы А. Тіл тағылымы / А. Baitürsynұлы. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 447 б. - кітап

2. Baitürsynұлы А. Емле туралы / А. Baitürsynұлы // “Еңбекші қазақ”, – 1929.27.03. - мақала

3. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönündeги zertteuler / Q. Jūbanov. – Алматы: Ғылым, 1966.-361 б.

4. Orazov M. Qazaq tilniñ semantikasы / M. Orazov. – Алматы: Рауан, 1991. -216 б. – кітап

5. Ufimseva A. Semantika slova. Aspekty semanticheskikh issledovani / A. Umfiseva.– М., 1980.-356 с. - кітап

6. Hasanov B. Sözdüñ leksikalыq mağynasynyñ kürylymy: fil. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін jazылған disertasianyñ avtoreferaty / B. Hasanov. – Алматы, 1997.-25 б. – avtoreferat

7. Tektıǵūlova J. Jūbanov jāne qazaq tılı tarihi gramatikasynyñ problemalary: fil. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін jazылған disertasianyñ avtoreferaty / J. Tektıǵūlova. Алматы, 1994.-24 б. - avtoreferat

8. Ahmetov Ş. Kürdeli sözder men birikken sözderdiñ erejeleri turaly /Ş.Ahmetov // Qazaqstan mūǵalımı. – 1953. 4.04., №15; Balaqaeв M. Birikken sözderdiñ emlesi turaly /M.Balaqaeв// Sosialistik Qazaqstan. – 1940, 05.05., №4.; Begaliev F. Birikken sözderdiñ emlesi jaily / Ğ.Begaliev // Ğylymi eñbekter jinaǵy, XI tom, – Алматы, 1946; Järkeşova G. Birikken sözderdiñ jazylыy / G.Järkeşova // Halyq mūǵalımı, – 1950, №8.; Jienbaev S. Taǵy da birikken sözder emlesi jaily /S. Jienbaev// Halyq mūǵalımı, – 1940, №7-8; Qozybaev S. Birge jazylatyn sözder emlesi /S.Qozybaev// Sosialistik qurylyys, – 1958.05.01. №4; Myşanov M. Birge jazylatyn sözderdiñ emlesi /M.Myşanov// Sosialistik qurylyys, 1957. 22.12.; Nüsıpov M. Jaña ereje boıynşa qosylyp jazylatyn sözder /M.Nüsıpov// Halyq mūǵalımı, – 1940, №4; Sarybaev Ş.H. Qosylyp jazylatyn sözder men qosylмай jazylatyn sözder /Ş.H. Sarybaev // Jaña jazı, – 1941, 17.10. №36; Syzdyqova R. Bölek jazylatyn sözder /R.Syzdyqova// Sosialistik Qazaqstan, 1957.18.06.

9. Mūsabaev Ğ. Biriktirilip jazylatyn sözder/ Ğ. Mūsabaev // Qazaq tılı men әdebieti, – 1958, № 6.; Myşanov M. Birge jazylatyn sözderdiñ emlesi turaly / M. Myşanov // Halyq mūǵalımı, – 1951, № 2; - maqala

10. Şamenov K. Birikken sözderdiñ jazyluy turaly / K. Şamenov// Halyq mūğalımı, – 1951, № 4; Isqaqov A. Birikken sözderdiñ jazyluy turaly / A. Ysqaqov// Halyq mūğalımı, – 1941, № 1-2.
11. Ermekov Ä. Semantika slitnyh slov v kazahskoi leksike: avtoref. diss. na soisk. uch. step. kand. fil. nauk / Ä. Ermekov. – Almaty, 1950. -9 s. - avtoreferat
12. Järkeşova G. Qazırǵı qazaq ädebi tilinegi birikken sözder: fil. ğyl. kand. дәреjesin alu üşin jazylǵan disertasiyanıñ avtoreferaty / G. Järkeşova. – Almaty, 1949. -6 b.
13. Ysqaqov A. Qazırǵı qazaq tili morfologiasy / A. Ysqaqov. – Almaty: Mektep, 1964. -398 b.
14. Balaqaev M.B. Qazaq ädebi tili / M. B. Balaqaev. – Almaty: Ğylym, 1987. -272 b.
15. Balaqaev M.B. Til mädenieti jäne qazaq tilin oqytu / M. Balaqaev. – Almaty: Mektep, 1989. -96 b. - kitap
16. Ahanov K. Gramatika teoriasynyñ negizderi / K. Ahanov. – Almaty: Sanat, 1996. -240 b.
17. Syzdyqova R. Bölek jazylatyn sözder / R. Syzdyqova. – Sosialistik Qazaqstan, 1957.18.06. – maqala
18. Syzdyqova R. Qazaq tili orfografiasy men punktuasiyası jaiyndaǵy anyqtaǵyş / R. Syzdyqova. – Almaty: Oqu ped. baspasy, 1959. -224 b. - kitap
19. R. Syzdyqova. Emle jäne tynys belgileri jaiynda anyqtaǵyş / R. Syzdyqova. Almaty: Rauan, 1996. - 288 b. - kitap
20. Uäliev N. Qazaq grafikasy men orfografiasynyñ fonologialyq negizderi: fil. ğyl. kand. ğyl. dār. alu üşin daiyndaǵan diss. /N. Uäliev. – Almaty, 1993. -162 b. - disertasia
21. Uäliev N. Qazaq orfografiasyndaǵy qiyndyqtar / N. Uäliev, A. Aldaşeva. – Almaty: Ğylym, 1988. - 111 b. - kitap
22. Qazırǵı qazaq tiliniñ sözjasam jüiesi. – Almaty: Ğylym, 1989. -368 b. - kitap
23. Qaliev B. Leksiko-semanticheskaia i morfologicheskaia struktura nazvanirassteni v kazahskom iazyke / B. Qaliev. – Almaty: Mektep, 1996. -168 s. - kitap
24. Qaliev B. Qazaq tilindegi ösimdik ataulary / B. Qaliev. – Almaty: Ğylym, 1988. -160 b.
25. <http://emle.kz/articles/get/77>.
26. <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=18214>

МРНТИ 16.41

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.05>

Сағындықұлы Б.,¹ Раева Г.²

¹Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,

²Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ВАРИАНТНЫЕ СЛОВА В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В данной статье рассматриваются варианты слова, произносимые через переднеязычные гласные, со словами, произносимыми через заднеязычные гласные, имеющие одинаковое значение.

В результате развития языков на протяжении бесконечно долгого времени заднеязычные и среднеязычные как гласные, так и согласные передвинулись к передней части языка. На это, безусловно, повлияли природные условия, изменения физических данных человека (понижение роста, уменьшение его комплекции и др.). В статье путем сравнительно-исторического изучения восстанавливаются древние формы вариантов слов, которые в языкознании получили название «сингармонические варианты и параллели». Сингармонические варианты чаще встречаются в односложных словах в современных языках, что указывает на историческую природу этого явления. Количество сингармонических вариантов резко увеличивается, если мы сравним и сопоставим такие конкурирующие корни в отдельном языке или тюркских языках и их диалектах, которые образуются в результате свободного обмена гласными звуками, которые не отличаются в лексическом и семантическом смысле. Поэтому, чтобы доказать, что древние корни казахско-тюркских слов были произнесены с твердыми гласными, мы уделили особое внимание соответствию твердых и мягких гласных в сингармонических вариантах.

Ключевые слова: тюркские языки, сингармонизм, историческое соответствие, варианты, гласные, согласные